

**«Жұлдыз» кіші жас тобының тәрбиешісі
Кусмагамбетова Улпан Рамазановнаның
2025-2026 оқу жылының
жұмыстарының есебі**

Қазіргі таңда тобымызда 18 бала оның 10 қыз бала, 8 ұл баламен жұмыс жасап келе жатырмын. Жыл бойы оқу-тәрбие жұмысы балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде (2022 жылғы 14 қазан. №422) 2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс әрекетінің апталық жүктемесіне сай жүргіземін.

Оқу қызметіне керекті А-3, А-4 және А-5 форматтағы көрнекіліктерді, ламинаттанған үйлестірмелі материалдар әзірледім. Сенсорика дағдысы бойынша фетр матадан фланиграф жасасақ, денсаулық дағдысы бойынша массаж жолын тіктік. Сонымен қатар қазіргі бағдарлама бойынша заттық-кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастырып, баланың бойына ыңғайлы етіп, ойын ойыншығын кедергісіз алу үшін сөрелер жасадық.Топтағы барлық кеңістікті баланың білімін жетілдіру үшін, ойын ойнау барысында дағдыландыра отырып дамытамыз . Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында топтағы жасалған киіз үйді жаңалап және балалар жасына сәйкес келетін бірнеше қазақи ойындар әзірледім. Сонымен қатар тобымдағы балаларды жаң жақты дамыту мақсатында құмсалғыш,пирамида, әр түрлі жануарлар бейнеленген баспалар, планшет алдық. Табиғат бұрышына гүл қоятын сөре жасадық.

Қыркүйек айында ата-анамен жұмыс жоспарына сай әкелер мен аналарды бөбекжай жұмысына тарту мақсатында «Әкем, анам және мен-спорт сүйер отбасы» атты эстафеталық сайыс өткізілді. Осы айда Ақтөбе облысы бойынша «Жасыл балабақша» жобасы ашылды. Осы жобаға біздің бөбекжай- бақшамыз Қобда ауданы бойынша тірек балабақшасы болып тағайындалды. Осы жоба аясында «Арман», «Қонжық» балабақшаларына барып, жұмыстарын көріп келдік. Осы «Жасыл балабақша» жобасы аясында біздің бақшамызда да көптеген жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ақпан айындағы облыстық семинарға дайындық қызу үстінде.

Қазан айында ата-аналар жиналысын өткіздік, онда ата-аналарды жылдық жоспармен таныстырып, жаңа ата-аналар комитетін сайладық. Психолог тренингтер өткізді. Медбике, психолог тарапынан ата- аналарға кеңестер берілді. Тобымызды күз мезгіліне байланысты безіндірдік. Қазан айында ата-аналармен бірлесе отырып ұйымдастырылған «Күзгі асар» жәрменкесіне ат салысқан ата-аналарға алғыс хат табыстадық . «Ардақты әкелер, асыл

әжелер, аяулы аналар» атты облыстық байқауға қатысып алғыс хатпен марапатталдым.

Қараша айында «Білім мен тәрбие-ойынмен бірге» атты аудандық шеберхананың жетекшісі болуыма ұсыныс алып, шеберхана аштым. Қазіргі таңда шеберханамда 25 педагог бар. Олар апта сайын тақырыптық тапсырмалар орындап, фото мен видеоларын жіберіп отырады. Қараша айында шеберхананың бірінші отырысы ойдағыдай өтті. Қазір екінші отырысына дайындық үстінде жүрмін. Осы айда «Ақтөбе-Дарын» білім беру орталығымен ұйымдастырылған «Ғажайып әлем» атты шығармашылық байқауына қатысып, екі тәрбиеленушілерім үшінші дәрежелі дипломмен марапатталды. Осы айдың төртінші аптасында әдістемелік орталығының ұйымдастырумен екі күндік семинар-практикумға қатысып, өз іс-тәжірибеммен бөлісіп, сертификатпен қатар, алғыс хатпен марапатталдым.

Желтоқсан айында жоспарланған екінші ата-аналар жиналысын өткіздік. Осы айда «Шынықтырам денемді» атты топ аралық эстафета өткіздім. Балалар қызығып сайысқа белсенді қатысты.

«Жас ұстаз-табысқа апарар жол» атты аудандық жастар форумына қатысып, жыл қорытындысы бойынша белсенділік танытқаным үшін алғыс хат табысталды. Жаңа жыл мерекесіне байланысты ата-аналармен көрме ұйымдастырдық. Тәуелсіздік күні мерекесіне ұйымдастырылған іс-әрекет өткізсек, жыл соңында «Шырша тойын тойлайық!» атты ертеңгілігімізді өз тобымызбен өткіздік. Балаларымыз белсене қатысып, ата-аналарымыз алғыстарын білдірді. Өзіміздің тобымызды және дәліздерді қыс мезгіліне байланысты безіндірген болатынбыз.

Қаңтар айында тобымыздың әкелері жиналып, гүл қоятын сөрелерді өз қолдарымен жасап, сыйлады. Осы айда Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының шақыртуымен «Үздіктер тәжірибесі» тақырыбында ұйымдастырылған семинарға қатыстым.

Ақпан айында Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Үздік іс-әрекет-тәжірибе алаңы» атты байқауда 3 орынды иеленіп, дипломмен марапатталдым. Біздің балабақшада «Жасыл орта-жарқын болашақ: ерте жастан табиғатты сүюге тәрбиелеу» атты облыстық семинар өткізілді, сол шарада өз іс-тәжірибеммен бөліскенім үшін алғыс хатпен марапатталдым. Осы айда болған педагогтердің білімін бағалау тестіне қатысып, 40 балл жинадым. Алдағы айлары педагог-зерттеуші санатына тапсыру үшін жұмыстаным.

Көктемде атап өтілетін екі мерекемізді де уақытымен өткізіп, ата-аналардың алғысын алдық.


Мамыр айында «Табиғат сақшылары» атты тақырыпта қорытынды ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімді өткіздім. Балалар белсенді болып, осы күнге дейін үйреткен барлық жұмысты көрсетті деп айтуға болады.

Жыл бойы балаларым онлайн конкурстарға қатысып, жүлделі орындарды алып жатыр. Мамыр айында қорытынды жиналыс жасап, жыл бойына белсенді қатысқан ата-аналарға «Алғыс хат» табыстадық. Жыл бойында біздің өтініштерімізді екі етпей барлық конкурстарға қатысқан аналарды арнайы марапатпен марапаттадық.

Барлық ата-аналар жиналысы уақытымен өткізіліп, жиналыс барысында түрлі тренингтер ойналып, сауалнама толтыру секілді жұмыстар атқарылды. Қатысым әрдайымда жоғары деңгейде болды.

Әртүрлі тақырыптарда баяндамалар оқылды, мысалыға «Бала денсаулығын нығайтудың дәстүрлі емес түрлері», «Балаңыз сіздің ең басты байлығыңыз» деген сияқты маңызды тақырыптар қозғалып, кеңестер берілді. Сонымен қатар аудандық шеберханамның 4 отырысы өз уақытымен отырыстарын өткіздім. Жүргізген жұмысыма жақсы баға беріліп, аудандық білім бөлімінің атынан құрмет грамотасы берілді. Алдағы оқу жылына облыстық көлемде шеберхана жүргізуіме ұсыныс алдым.

Жыл бойы жүргізілген түрлі ойындар, жоспарланған іс-шаралар, ұйымдастырылған іс-әрекеттер барлығын инстаграмм желісіне салып отырдым.

Тәрбиеші:  - Кусмагамбетова У.Р